



жоғарыдағы жолдарды қалдырғанын айтты. Ата туралы жазған көлемді жазбасы өзінде сақталмаған және қолында еш құжат болмаған екен. Ол кітаптағы атаның туған жылы 1884 ж. деп көрсетілгені қате сияқты.

Мастураның айтуынша, Әбду атаның ағасы Нұрмұханбет атадан Ғазиза деген қыз қалған. Ол бұрынырақта қайтыс болыпты. Одан Хасан (Хали), Нұрман, Қалампыр, Жібек, Рабиға деген балалары болған. Олардың бергіндегі тағдырын Мастура білмейді. Менің ойымша (болжамым), атаға менің алдымда шағын тас белгі қойған Нұрмұханбет атаның қызы Ғазизадан тараған ұрпақтары секілді. Оның себебі де бар. Тасты (2003 ж.) тұрғындардың айтуынша, Оралдағы кәсіпкер Ғайса ұлы Ғали қойған. Онда «Белгі қойған Ғайса ұлы Ғали» деген жазудан кейін «Ботақанның немересі Бекболат ұлы Әбдугали» деген сөздер барын жазыпты. Меніңше, ол тас шөгіп, жерге кіріп, астыңғы жағындағы жазылған сөздер көрінбей қалған. Мастурадан да, Дамира апайдан да сұрағанда бұл жігіт туралы ештеңе айта алмады. Ал қыздан тара-са жиен емес, неге немере деп жазған дегенге келсек, қазіргі қазақтардың кейбірі, әсіресе қала мен орыс жерінде тұратындар, ұлдың баласы – немере, қыздың баласы – жиен дегенді ұстана бермейді, орыс халқы секілді бәрін немере деп атай береді.

Меніңше, әр адам өзінің туған жерінің тарихына, жақсылы-жаманды өзгерістеріне немқұрайлы қарамауы керек деп ойлаймын. Әбду атадай жұмбақ адамды түсіне білмейтініміз анық. Түсінбегендіктен қадіріне жетпеген шығармыз? Оның үстіне ол өмір сүрген уақыт «Құдай жоқ», «Дін – апиын» деген атеизмнің өршіп тұрған кезі болатын. Бірақ біздің туған жерімізде, ауданымызда, ауылымызда осындай жұмбақ құбылысты, ерекше адамның өткенін біз ғана емес, болашақ ұрпақ та білу керек қой. Аланың өзіне берген тылсым күшін айналасындағы адамдарға жақсылық жасауға жұмсап, қарапайым ғана өмір кешкен Әбду атаның бейнесі ұмытылмауы керек. Егер кімде-кім Әбду атаға қатысты нақты естеліктер айтып, деректер жіберем десе, төмендегі нөмірге хабарласуларын өтінемін?..

Райхан СҮЛЕЙМЕНОВА,
Шымкент қаласы
8-777-227-09-50
(ватсап та осында)
эл. пошта raisul@mail.ru

Биыл Қаратөбе ауданының құрметті азаматы, аудандық ауруханада ұзақ жыл бас дәрігер болған Мәрбан Бекмағамбетовтің дүниеге келгеніне 100 жыл.



Білікті дәрігер, жұртына сыйлы еді

Мәрбан Хайдарұлы 1926 жылдың 14 қаңтарында жарық дүниеге есігін ашқан. Ол өзінің еңбек жолын 1942 жылы қазан айында Қаратөбе ауылдық советіне қарасты «Ақкөл» колхозында есепші болып бастады. 1949 жылдан бастап Қаратөбе аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне нұсқаушы-есепшілік қызметке алынды. Содан кейін аудандық малдәрігерлік участогінде, аудандық ауруханада есепші болды. 1952 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік медициналық институтына оқуға түсіп, емдеу факультетін бітірді.

Дәрігерлік қызметін өзінің туған жері Қаратөбе ауданында бастады. Дәрігер-терапевт, бас дәрігердің санитарлық-эпидемиологиялық мәселелер жөніндегі орынбасары болды. 1960 жылы аудандық аурухананың бас дәрігері қызметіне тағайындалып, тұрғындардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды белсене жүргізді. Осы қызметтен 1986 жылдың наурыз айында зейнеткерлікке шықты. Ауданның бас дәрігері болып 26 жыл бойы үздіксіз қызмет етті. Осы жылдары аудандық аурухананың материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға еңбек сіңірді. Ауруханаларда науқастарға жан-жақты ем беруге сол кезеңнің талаптарына сай жағдай жасалды. Зейнетке шыққан соң 1999 жылдың қаңтар айы-

ның 11-іне дейін дәрігер-рентгенолог болып қызмет істеген уақытында да Мәрбан Хайдарұлы зейнеткермін деп арқаны кеңге салған жоқ. Өзінің жұмысына жауапкершілікпен қарады.

Зайыбы Сәружамал Мусғалиева дәрігер-гинеколог ретінде аудандағы осы сала бойынша көптеген тың мәселелерді шешіп, әйелдер арасында денсаулық жайлы түсінік жұмысын кеңінен жүргізді. Мәрбан Хайдарұлы білікті маман болумен қатар ауданымыздың тарихын терең білетін, көзі ашық, көкірегі ояу, әңгімешіл жан еді. Ол қандай ма тақырыпқа болса да, көсіле сөйлеп, өз ой-танымын білдіретін. Мәрбан ағайдың әріптестері қолы босаған сәтте оның жұмыс кабинетіне барып, ауданымыздың тарихы, бұрынғы өткен қаратөбелік ақындар, жыршылар, шешендер жайлы әңгіме өрбітетін.

Мәрбан Бекмағамбетов 2002 жылдың қараша айының 14-інде ұзаққа созылған ауыр науқастан дүниеден өтті.

Мәрбан Хайдарұлы ауданға еңбегі сіңген білікті дәрігер ғана емес, халқына сыйлы, еліне елеулі тұлға болғанын оның көзін көрген жерлестері әлі күнге құрметпен айтады.

Серікбай ХАСАНОВ,
Қаратөбе ауданы

Өзгерістер қауіпсіздікті күшейтеді

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 24 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес 39-2, 39-3, 39-4, 39-5, 39-6, 39-7 жаңадан енгізілген баптармен толықтырылды.

Тексеріс жоспары мен кестесін жасағанда бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қауіп-қатер дәрежесі ескеріледі. Олар бекітілген кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті құрылым ведомствосының немесе жергілікті атқарушы құрылымның интернет-ресурсында орналастырылады.

Аталған заңның 16-бабының («Ұйымдардың азаматтық қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері») 3-тармағына 2-1 тармақшасы енгізілді. Яғни әрбір ұйымның басшысы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы

13 қазандағы №447 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін» басшылыққа ала отырып, өндірістік бақылау қызметін құруға міндетті.

Ал заңның 72-бабына сәйкес заңды тұлғалар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығы үшін аттестаттаудан өтеді. Олар өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу, осы саладағы басшыларды, мамандарды және жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау, газ тұтыну және газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсету секілді тағы басқа бірнеше құқығын алу үшін аттестатталады.

Айта кету керек, газ тарату жүйелеріне және сұйылтылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің нысандарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізу тармақтары жаңадан енгізілді. Бұл саладағы заңнамаға енгізіліп жатқан өзгертулер мен толықтырулар қауіпсіздікті одан әрі қатаңдатып, мекемелерге өз құқықтары мен міндеттерін нақтылауға көмектеседі. Департамент қызметкерлері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша әрдайым түсіндірме жұмыстарын, техникалық кеңестер, тексерулер өткізеді.

Ербол МАНАКБАЕВ,
облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары

«ТуранПромРесурс» ЖШС 05. 03. 2026-12. 03. 2026 дейін Қоршаған ортаның жай-күйі туралы ұлттық банк деректері порталында – ndbecology.gov.kz «БҚО, Орал қаласы, Герольд Бельгер көшесі, 105/2 мекенжайы бойынша қойманы цехқа қайта жаңғырту және қайта жоспарлау, қосымша құрылыс салу» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «ТуранПромРесурс» ЖШС; ҚР, БҚО, Орал қаласы, Герольд Бельгер көшесі, 105/2; БСН 110540010265; Байланыс телефоны: 8 (7112) 50 65 24.

Жобалық құжаттама топтамасымен 05. 03. 2026-12. 03. 2026 дейін ndbecology.gov.kz порталында танысуға болады.

Пікірлер мен ұсыныстар: ndbecology.gov.kz порталында қабылданады.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы университет ардагері, ұлағатты ұстаз **Гүлшекер Мырзаханқызы Молдашеваның** өмірден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

